

Ресми рецензент, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Бекзат Бегалықызы Динаеваның

«8D02310 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған

Гульмира Арипкановна Айткулованың «Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбекқорлық//жалқаулық» концептілері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/с №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Гульмира Арипкановна Айткулованың «Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбекқорлық//жалқаулық» концептілері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы лингвистиканың өзекті бағыттарына және Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы «8D02310 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған. 1) Диссертацияда мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалғандығы туралы ақпарат берілмеген. 2) Диссертацияда басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалғандығы жайлы мәлімет көрсетілмеген. 3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына, соның ішінде «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Тіл біліміндегі «концепт» термині – бір жағынан көне, екінші жағынан жаңа ұғым. Бүгінгі күнге дейін

	Ы		<p>концептілерге бірқатар шетелдік, отандық тілші ғалымдарымыз зерттеу жүргізді. Концепт ұғымына қатысты жүргізілген көптеген зерттеуге қарамастан, оны кең таралған дәстүрлі тәжірибеде қолдану мен түсінуде әлі де болса, олқылықтар бар. Когнитивтік лингвистиканың одан әрі қарыштап дамуы тілші ғалымдардан жаңа бір құзыреттерді талап етіп, заман талабына сай міндеттер қоюды, жаңаша әдіс-тәсілдермен зерттеуді, тілдік тұлғаның деңгейінің көтерілуін қажет етіп отыр. Осындай парадигмалардың өзгеруі көптеген ұғымды қайта қарастырып, жаңаша түсінуге байланысты. Бұл парадигмалық өзгерістердің когнитивтік-лингвистикалық негіздері көп жағдайда жүйеленіп, жинақталған материалдар мен теориялық әзірлемелер арқылы тәжірибеде пайдаланылады. Осы бағытта жазылған бұл жұмыс қазақ тіл біліміндегі антропоэзектік бағыттағы зерттеу үдерісіне маңызды үлес қоса алады. Атап айтқанда, қазақ тіліндегі еңбекқорлық пен жалқаулыққа қатысты тілдік деректердің тіл мен қоғам, тіл мен мәдениет, тіл мен сана сабақтастығына сәйкес зерттелуі «қазақ танымын», «қазақ әлемін» танытып, қазақ лингвомәдениеттану іліміне өзіндік үлесін қосады. Оған негіз болатын дерек – зерттеу нысанын дәйектейтін тілдік деректердің қатысымдық қызметінің этнолингвистикалық, лингвомәдени, лингвокогнитивтік тұрғыдан кешенді жүйеде қарастырылуы.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Зерттеу жұмысында академиялық жазылымға қойылатын талаптар сақталған. Диссертация авторының тақырыпты түсініп, жұмыс мазмұнын ашатын теорияларға талдау жасауда және оны практикалық тұрғыда негіздеуде ой желісінің логикалық сабақтастығын сақтауы, екіұшты ой</p>

			тудыратын құрылымдарды қолданбауы автордың жұмысты өзі жазғандығын көрсетеді және оның жазылу деңгейі жоғары деп санауға негіз бола алады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеу тақырыбының өзектілігі тиісінше негізделген. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі диссертацияның құрылымдық сипаты мен әр тараудың соңында жасалған түйіннен көрінеді. Диссертация антропоөзектік парадигмаларды арқау ете отырып, қазақтың мәдени танымындағы еңбекқорлық//жалқаулық ұғымдарының әлем бейнесі контекстіндегі лингвокогнитивтік болмысын нақтылап, тұжырымдай алған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Зерттеу жұмысы кіріспе, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиет тізімінен тұрады. Бірінші тарау қазақ тіліндегі «еңбекқорлық//жалқаулық» концептілерінің лингвомәдениеттану аспектісінде зерттелуіне, ғаламның тілдік бейнесінің тірек сөздер – концептілерде көрініс табатынына арналса, екінші тарауда еңбекқорлық//жалқаулық концептілерінің вербалдану ерекшеліктері, олардың түрлі мәдени код аясындағы негізгі стереотиптері анықталған. Ал үшінші тарауда еңбекқорлық//жалқаулық концептілерін жасауға көмек беретін тілдік деректердің тіл бірліктерінің паремиология мен фразеологиялық қорда қолданылуы талданған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеудің міндеттері қойылған мақсатқа, зерттеу нысаны мен пәніне, ұсынылған ғылыми болжамына сәйкес келеді. Ізденуші қазақ этносының мәдени құндылықтары мен еңбек етуге деген көзқарасын көрсететін концептілердің мазмұнын ашу мақсатымен когнитивтік лингвистика теориясының ғылыми негіздерін басшылыққа ала отырып, 5 міндетті шешкен.

		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толықтай өзара байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертацияның барлық бөлімі бір-бірімен логикалық байланыста құрылған. Әр бөлімнен кейін берілген түйіндер бір-бірімен сабақтасып, жұмыстың жалпы қорытындысын негіздейді. Соның нәтижесінде диссертацияның барлық бөліміндегі ой-түйіндері, қорғауға ұсынылған тұжырымдары мен нәтижелері ішкі бірлікте тұтасқан.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Сыни талдауы бар, авторлық пікір өзге ғалымдардың көзқарастарымен жүйеленіп ұсынылған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>; 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Зерттеу жұмысында қол жеткізген нәтижелер жаңа болып табылады. Мұндай қорытынды жасауға негіз болған факторлар мыналар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - еңбекқорлық//жалқаулық концептілік өрісіндегі макроконцептілерге концептуалдық-семантикалық талдау жасалуы (бұл туралы 1.3-тараушада айтылады); - еңбекқорлық пен жалқаулық әрекеттерін антропоморфты, биоморфты, заттық секілді мәдени код арқылы мәдени коннотациялар мен тілдік мағыналардың типологиясының жіктелуі (жұмыстың 2-тарауы арналған); - еңбекқорлық//жалқаулық концептілерінің когнитивті дискурстағы (тұрақты тіркестер, проза, поэзия) көрінісінің нақты тілдік деректер арқылы айқындалуы мен танымдық және лингвомәдени сипатын анықтайтын макроконцептілерге талдау жасалуы (диссертацияның 3-тарауында толық қарастырылады).

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертация қорытындыларының жаңалық деңгейі зерттеу мазмұнында толық дәйектелген:</p> <ul style="list-style-type: none"> - еңбекқорлық//жалқаулық концептілерінің тіл білімінде зерттелуі және когнитивтік лингвистика мен концептілерге қатысты қазақ, орыс ғалымдарының еңбектері салыстырылып, ортақ тұстары мен ерекшеліктері зерделенген (19-33 бб); - екінші қорытындысы – жаңа; тілдің ішкі формаларын лингвомәдени тұрғыдан түсіндіру арқылы лингвосемиотикалық қатарларды бөліп көрсеткені, еңбекқорлық пен жалқаулықты антропоморфты, биоморфты, заттық мәдени кодтар арқылы мәдени коннотациялар мен тілдік мағыналардың типологиясы жасалған (46-63 бб.); - үшінші, төртінші, бесінші қорытындысы да – жаңа; еңбекқорлық// жалқаулық концептілерін сипаттайтын тілдік бірліктер Абай, Шәкәрім және жазушы Қ.Қазиев шығармаларын талдау негізінде дәлелденген (87-110 бб.)
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Иә, жаңа және негізделген деп санауға болады.</p>
<p>6.</p>	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертацияда айтылған пікірлер дереккөздерден алынған нақты мысалдармен дәйектелген. Жұмыстың құрылымы, мақсаты мен міндеттерінің мол тілдік деректердің ғылыми-сипаттамалық талдануы, мазмұнына сай қорғауға ұсынылған тұжырымдары, зерттеу қорытындысы толық негізделген.</p>

7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 	<p>Диссертацияда қорғауға 5 тұжырым ұсынылған:</p> <p>Бірінші тұжырым – тілдік семантика мен функционалдық ерекшеліктердің гетерогенділігі еңбекқорлық//жалқаулық концептілерін білдіретін қазақ тілінің бірліктерінің құрылымы, бір жағынан, лингвомәдени бірлестікті саралау арқылы, екінші жағынан, лингвистикалық семантиканың диктумдық және модульдік түрлері объективті еңбек пен жалқаулық туралы білімді тұжырымдау және санаттау нәтижелері арқылы талданды.</p> <p>7.1 дәлелденді;</p> <p>7.2 тривиалды емес;</p> <p>7.3 жаңа</p> <p>7.4 қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5 мақалада дәлелденген.</p> <p>Екінші тұжырым бойынша еңбек пен еңбегі жоқтық әрекеттерін антропоморфты, биоморфты, заттық мәдени код аясында қарастырылып, тілдік мағыналардың типологиясы жасалған.</p> <p>7.1 дәлелденді;</p> <p>7.2 тривиалды емес;</p> <p>7.3 жаңа</p> <p>7.4 қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5 мақалада дәлелденген.</p> <p>Үшінші тұжырымда берілген қазақ тіліндегі еңбекқорлық // жалқаулық концептілерінің лингвокогнитивтік болмысын ашуда қызмет ететін тілдік семалар халықтың ұжымдық тәжірибесі, танымы, қоғамдағы адамдардың бір-бірімен байланысы, шаруашылығы, халықтың рухани мәдениеті ментальды когнитивті түрде таңбаланғандығы дәлелденген.</p> <p>7.1 дәлелденді;</p>
----	--	---	---

			<p>7.2 тривиалды емес; 7.3 жаңа 7.4 қолдану деңгейі кең 7.5 мақалада дәлелденген. Төртінші тұжырым бойынша еңбекқорлық//жалқаулық концептілерін сипаттайтын тіл бірліктері ұлттың дамуы, қалыптасуы, сонымен қатар оның өзіндік мәдениетінің, тарихының, халықтың менталитетінің қалыптасуымен туындаған, халықпен бірге қалыптасқан тілдік бірліктер жазушы Қ.Қазиев шығармаларын талдау негізінде дәлелденген. 7.1 дәлелденді; 7.2 тривиалды емес; 7.3 жаңа 7.4 қолдану деңгейі кең 7.5 мақалада дәлелденген. Бесінші тұжырым бойынша еңбекқорлық//жалқаулық концептілерінің бейнелі түсінікпен вербалдануының когнитивті ерекшеліктерін Абай, Шәкәрім шығармаларын талдау арқылы көрсеткен. 7.1 дәлелденді; 7.2 тривиалды емес; 7.3 жаңа 7.4 қолдану деңгейі кең 7.5 мақалада дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) иә; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты жазылған. Зерттеуде қолданылған әдістер дәйекті, дұрыс таңдалған. Зерттеудің әдіснамалық, әдістемелік негіздерін анықтауда концептуалдық әдіс, концептуалды метафоралық әдістер қолданылған.

	ақпараттың дәйектілігі	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ	Иә. Зерттеу нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану негізінде алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ	Иә. Барлық қорытынды, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Зерттеу жұмысындағы теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген. Диссертанттың өзіндік тұжырымдары нақты мысалдармен талдауға негізделген, тілдік материалдармен дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Зерттеу жұмысын жазу барысында тақырыпқа қатысты бұрын-соңды жарияланған ғылыми сенімді еңбектерге сүйеніп, монография, ғылыми мақалалар, конференция материалдарының жарияланымдары талданып, оларға сілтеме берілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиет тізімі әдеби шолуға жеткілікті, Отандық және шетелдік дереккөздер, яғни 210 әдебиет қолданылып, сілтеме жасалған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу жұмысындағы ғылыми дәйектелген түйінді тұжырымдарды когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, тіл мәдениеті сияқты ғылыми бағыттар бойынша оқытылатын арнайы курстарда теориялық материал ретінде пайдалануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар	Диссертацияның практикалық маңызы бар, алынған

		<p>және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p>	<p>нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу барысында жинақталған тілдік материалдарды танымдық сипаттағы иллюстративтік материал ретінде, когнитивтік сөздік құрастырғанда тілдік дерек ретінде қолдануға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстары жаңа болып табылады. Қол жеткізген нәтижелерді когнитивті лингвистикалық бағыттағы зерттеулер жүргізіп, талдау жұмыстарын жасауға, филология факультеттерінде лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, мәтінтану курстарын жүргізуге материал ретінде пайдалануға болады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тілі мен стилі академиялық жазу талаптарын толық қанағаттандырады. Зерттеудің құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертацияның мазмұнына қатысты ұсыныс-ескертулер:</p> <p>1) Паремиялардың этнолингвомәдени бірлік ретіндегі мәні тілдегі когнитивтік құрылымдардың бірегейлігінде емес, прагматикалық бағалау дискурсивті түрде жинақталып, этномәдени таңбаланған семантикалық мазмұнның паремиялық айтылымындағы басымдықты айқындайтын бастапқы когнитивтік-дискурсивті мағынаның қалыптасуынан көрінеді. Осылайша, паремиялардың ерекше когнитивтік-прагматикалық қасиеттеріне мазмұнның стереотиптік-бағалаушытық сипаты (прагматикалық фактор), вербалды-когнитивтік объективтендірудің танымдық сипаты (когнитивтік фактор), сонымен қатар мағына білдірудің имплицитті сипаты (дискурсивті фактор) жатады. Аталған</p>

		<p>параметрлерден мақал-мәтелдер арқылы бейнеленген рухани-адамгершілік құндылықтардың ғаламның тілдік бейнесінің когнитивтік-аксиологиялық доминанттарының ішінде ерекше орын алатынын, паремиялардың бойында тілдің, сана мен мәдениеттің сарқылмас синергиясы шоғырланатынын аңғарамыз. Осы ретте зерттеу жұмысының 3-тарауында қарастырылған паремиялардың көркем мәтін дискурсындағы қолданысын талдағанда олардың мәтін ішінде қолданылу ерекшеліктері, яғни тұлғалық модификацияға ұшырауы немесе белгілі бір мақсатқа орай құрылым-құрылысы мен мағынасының жаңғыртып қолданылу себебі түсіндіріліп, паремиялардың көркем мәтін дискурсындағы аксиологиялық мағынасы тереңірек ашылып көрсетілгенде жұмыстың құндылығы арта түсер еді.</p> <p>2) Диссертацияның барлық бөлігінде дерлік сілтемелер қазақ тіліне жатық аударылып берілген, дегенмен ішінара түпнұсқа тілде, яғни орыс тілінде берілген тұстары да кездесіп қалады (67-б). Солардың қазақ тіліне аударылғаны дұрыс болар еді.</p>
--	--	---

<p>мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>ҚР ҒЖБМ Ғылым саласындағы сапаны қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда жарияланған «Ұлттық паремиологиядағы «еңбекқорлық//жалқаулық» концептісінің тілдік ерекшеліктері», «Поэтикалық мәтіндердегі «еңбекқорлық//жалқаулық» концептілерінің вербалдану ерекшелігі», «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі паремиялардың лингвомәдени ерекшеліктері», «Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбекқорлық» концептісі» тақырыбындағы мақалалары диссертацияның теориялық негізін құрайтын тараулардың мәнұнымен сәйкес келеді, олардың да ғылыми деңгейі жоғары. Қазақ дүниетанымындағы «еңбекқорлық, жалқаулық» концептілеріне қатысты республикалық және халықаралық конференциялар жинақтарында жарық көрген жарияланымдар зерттеудегі міндеттерді шешуді көздеген тарауларға сай келеді.</p>
<p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>		<p>Гульмира Арипкановна Айтқулованың «8D02310 – Филология» мамандығы бойынша дайындалған «Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбекқорлық//жалқаулық» концептілері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына оң баға бере келе, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.</p>

Ресми рецензент:

«Astana IT University» ЖШС
Жалпы білім беру пәндері департаментінің
қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты

Handwritten signature

Б.Б. Динаева

Handwritten signature

